

Қосылған құн салығын төлем мерзімін өзгерту жөніндегі өтініш нысанын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2008 жылғы 30 желтоқсандағы N 632 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2008 жылғы 31 желтоқсанда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 5456 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2012 жылғы 12 қаңтардағы № 15 бұйрығымен

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Қаржы министрінің 2012.01.12 № 15 (2012.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының кодексын (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы " Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Осы бұйрықтың қосымшасына сәйкес қосылған құн салығын төлеу мерзімін өзгерту жөніндегі өтініш нысанын бекіту.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Салық комитеті Төрағасының м.а. 2004 жылғы 27 мамырдағы N 254 "Қосылған құн салығын төлеу мерзімін өзгертудің кейбір мәселелері туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2912 тіркелген) бұйрығының күші жойылды деп т а н у .

3. Қазақстан Республикасы Қаржы Министрлігінің Салық комитетіне (Д.Е. Ерғожинге) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күшіне енеді және 2009 жылдың 1 қаңтарынан бастап туындаған қатынастарға таратылады.

Министр

Б. Жәмішев

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Қ а р ж ы м и н и с т р і н і ң

2 0 0 8

ж ы л ғ ы

3 0

ж е л т о қ с а н д а ғ ы

N 632 бұйрығына қосымша

ИМПОРТТАЛАТЫН ТАУАРЛАРҒА ҚОСЫЛҒАН ҚҰН САЛЫҒЫН ТӨЛЕУ МЕРЗІМІН ӨЗГЕРТУ ТУРАЛЫ ӨТІНІШ

(қағаз мәтінінен қараңыз)

Импортталатын тауарларға қосылған
құн салығын төлеу мерзімін өзгерту
туралы өтінішке 1-қосымша

ШИКІЗАТТАР МЕН МАТЕРИАЛДАРДЫҢ АТАУЫ

(қағаз мәтінінен қараңыз)

Импортталатын тауарларға қосылған
құн салығын төлеу мерзімін өзгерту
туралы өтінішке 2-қосымша

ОЛАРҒА СӘЙКЕС ТАУАРЛАР ИМПОРТЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛАТЫН ШАРТТАР (КЕЛІСІМ ШАРТТАР) ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

(қағаз мәтінінен қараңыз)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК